Әділет

# "Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету туралы уақытша ереже туралы" Қазақстан Республикасы Мнистрлер Кабинетінің 1992 жылғы 29 қыркүйектегі N 813 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 24 наурыз N 228. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.07.26. N 1010 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 29 қыркүйектегі N 813 P920813_ қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету тәртібі туралы уақытша ереженің" 9-тармағы мына редакцияда баяндалсын:

"9. Шетел паспортын беруден бас тарту жөніндегі шешімге шағымдану т ә р т і б і .

Осы Ереженің 8-тармағының 2, 3 бөліктерінде көзделген негіздер

бойынша шетел паспортын беруден бас тарту шағымдануға жатпайды.

Осы Ереженің 8-тармағының басқа бөліктерінде көзделген негіздер бойынша шетел паспортын беруден бас тартқан, жауап қайтару осы Ережеде белгіленген мерзімнен кешіктірілген немесе шетел паспортын алып қойған жағдайда азамат заңда белгіленген тәртіппен жоғары органға немесе тұрғылықты жері бойынша сотқа шағым бере алады".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:
Қасымбеков Б.А.
Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК